

**Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және  
азаматтық құрылысына ақпараттық моделдеу  
технологиясын енгізудің  
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

---

**КОНЦЕПЦИЯ  
внедрения технологии информационного  
моделирования в промышленное и гражданское  
строительство Республики Казахстан**

**Астана, 2017**

**АЛҒЫ СӨЗ**

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** «Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты» акционерлік қоғамы
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті
- 3 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2017 жылғы “20” желтоқсандағы № 312-НҚ бұйрығымен

**ПРЕДИСЛОВИЕ**

- 1 РАЗРАБОТАН:** Акционерное Общество «Казахский научно-исследовательский и проектный институт строительства и архитектуры»
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан
- 3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от “20” декабря 2017 года № 312-НҚ.

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК

**МАЗМҰНЫ**

1	Жалпы ережелер .....	4
1.1	Терминдер .....	4
1.2	Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері.....	9
1.3	Тұжырымдаманың қажеттілігін негіздеу .....	9
2	Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және азаматтық құрылысына ақпараттық моделдеу технологиясын енгізуге арналған алғышарттар .....	10
2.1	Ағымдағы жағдайды талдау, құрылыс саласын дамытудың үрдістері және пайымы .....	10
2.2	ВІМ технологиясын қолданудың әлемдік тәжірибесіне талдау жасау .....	13
2.3	Басты проблемалар.....	16
2.4	Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптік және азаматтық құрылысқа ақпараттық моделдеу технологиясын енгізудің жобасын іске асыру қағидаттары	18
3	Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және азаматтық құрылысына ақпараттық моделдеу технологиясын енгізуге арналған негізгі тәсілдер.....	19
3.1	2018-2022 жылдарға арналған ҚОАМТ енгізудің жалпы өлшемдері.....	19
3.2	Қазақстан Республикасында ақпараттық моделдеу технологиясын енгізу жөніндегі негізгі және қосымша іс-шаралар .....	21
3.3	Тұжырымдаманы іске асырудан күтілетін нәтижелер және индикаторлар	23
4	Олар арқылы Тұжырымдаманы іске асыру болжанатын негізгі нормативтік құқықтық актілердің, құжаттардың тізбесі.....	24

# 1 Жалпы ережелер

## 1.1 Терминдер

Осы Тұжырымдамада тиісті айқындамалармен мынадай терминдер қолданылады:

Автоматтандырылған жобалау жүйесі; АЖЖ: жобалау функцияларын орындаудың ақпараттық технологиясын іске асыратын автоматтандырылған жүйе персоналдан және оның қызметін автоматтандырудың техникалық, бағдарламалық және басқа да құралдарының кешенінен тұратын, жобалау процессін автоматтандыруға арналған ұйымдастырушылық-техникалық жүйесін білдіретін жобалау функцияларын орындаудың ақпараттық технологиясын іске асыратын автоматтандырылған жүйе. Жобалау бойынша мамандардың еңбегінің тиімділігін арттыру АЖЖ негізгі мақсаты болып табылады.

Активтің ақпараттық моделі; АІМ: активті пайдалану кезеңіндегі ақпараттық модель (жылжымайтын мүлік объектісі ретінде).

Ақпараттық модель; АқМ: геометриялық модельдер, құрамдастырылған деректер мен құжаттама үшін жинақтама термин.

Ақпараттық модельдердің мемлекеттік банкі; АММБ: мемлекеттік қаражатты тартумен немесе олардың қатысуымен құрылыс объектілерінің ақпараттық моделдерін сақтауға және өңдеуге арналған цифрлық платформа.

Ақпараттық процесстер: ақпараттық технологиялардың – ақпараттық-есептеу техникасының есеп әдістерінің, әдістемелерінің, бағдарламалары мен құралдарының көмегімен іске асырылатын процесстер – және құрылыс технологияларын неғұрлым тиімді жүзеге асыру бойынша шешімдерді әзірлеу және қабылдау мақсатымен идеалдық заттарды (ақпарат, шығыс деректері, құжаттар) қайт өңдеуге бағытталған.

Апробация кезеңі: генерация процесстерін стандарттауға, жасалатын және пайдаланылатын құрылыс объектілері туралы ақпаратпен көкейкестілендіруге және басқаруға тәсілдерді практикада ҚОАМТ апробация және түзету үшін қажетті, 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін осы Тұжырымдаманы бекіту сәтінен бастап кезең.

Бюджеттік инвестициялар бойынша қаржыландыру көздері: республикалық және/немесе жергілікті бюджеттердің қаражаты, оның ішінде, бюджеттік инвестицияларды іске асыруға бағытталған заемдық қаражаттар.

Бюджеттік инвестициялар: заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға бағытталған республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландыру, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру жолымен мемлекеттің активтерін жасау және (немесе) дамыту.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі; ББӘ: бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау, негіздеу, іске асыру және нәтижелеріне қол жеткізу үшін жауапты мемлекеттік орган.

Бюджеттік инвестициялық жоба; БИЖ: жаңа объектілерді жасауға (салуға) немесе бұрыннан бар объектілерді жаңғыртуға бағытталған іс-шаралардың жиынтығы, сондай-ақ, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде және аяқталған сипаты бар, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі тікелей бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын, ақпараттық жүйелерді жасау, енгізу және дамыту.

Бюджеттік инвестициялық жобаның тиімділігі: бюджет қаражатының сұрау салынатын көлемін пайдаланумен ең жақсы тікелей нәтижеге жетушілік немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланумен жоба мақсатына жету немесе жобаны іске асырудан оң экономикалық тиімділікті алу.

Жоба: сәулет, қала құрылысы және құрылыс құжаттамасы (сызбалар, графикалық және мәтіндік материалдар, инженерлік және сметалық есептер), оның ішінде, оны практикалық іске асырудың ниеті мен мүмкіндігінің мәнін ашатын құрылыстың техникалық-экономикалық негіздемесін және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамасы нысанында ұсынылған адамның мекен етуі мен өмір сүруінің қажетті жағдайларын қамтамасыз ету бойынша жеке және заңды тұлғалардың ниеті.

Жобалау-сметалық құжаттама; (ЖСК): көлемдік-жоспарлау, конструктивтік, технологиялық, инженерлік, табиғат қорғау, экономикалық және өзге де шешімдерден тұратын құжаттама, сондай-ақ, құрылысты, аумақтың инженерлік дайындығын, абаттандыруды ұйымдастыру және жүргізу үшін сметалық есептер.

Жобалық ақпараттық модель; РІМ: активті іске асыру (жобалау және құрылыс) кезеңіндегі ақпараттық модель.

Жобаны басқару: берілген бюджет пен мерзімдер шеңберінде инвестициялық жобаның мақсатына жету үшін тапсырыс берушімен немесе инвестормен жасалған шартқа сәйкес объектілерді жобалау, салу және пайдалануға беру үшін ұйымдастыру, жоспарлау, үйлестіру жөніндегі қызмет.

Жобаның өмірлік кезеңі: олар арқылы жоба бастамашылық жасаудан бастап жабылу сәтіне дейін өтетін фазалардың жиыны. Фазалар, әдетте, дәйекті болып табылады, ал олардың атаулары мен саны жобаға тартылған ұйымдарды басқару мен бақылауда қажеттіліктермен, жобаның өзінің сипатымен және оның қолданбалы саласымен айқындалады. Жоба жұмыстардың жалпы мазмұнының ішіндегі бақылау оқиғаларымен немесе қаржының қолжетімділігімен айқындалған функционалдық және ішінара мақсаттарға, аралық немесе жеткізілетін нәтижелерге байланысты фазаларға бөлінуі мүмкін. Өмірлік кезең оған енгізілген нақты жұмыстарға қарамастан жобаны басқару үшін базалық құрылымды қамтамасыз етеді.

Ескерту: «жоба» термині бұл контексте басқару-экономикалық мағынада пайдаланылады.

Инвестициялық құрылыс жобасы: құрамына құрылыс бөлігі кіретін бастапқы салымнан бастап Жұмыстарды аяқтауға дейін күрделі салымдардың толық кезеңін іске асырумен байланысты жоба.

Инвестициялық-құрылыс процесі: құрылыс объектісін құру барысында инвестицияларды тартумен, жоспарлаумен және тиімді пайдаланумен байланысты іс-шаралар жүйесі.

Инвестор: Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асырушы жеке немесе заңды тұлға.

Күрделі құрылыс: жаңа немесе жұмыс істеп тұрған объектілерді: өндірістік, инфрақұрылымдық және азаматтық мақсаттағы кәсіпорындарды, ғимараттар мен құрылыстарды салу және жарақтандыру (кеңейту, қайта жабдықтау).

Құрылыс жобасы (құрылыстың жобасы): көлемдік-жоспарлау, конструктивтік, технологиялық, инженерлік, табиғат қорғау, экономикалық және өзге де шешімдерден тұратын жобалық (жобалау-сметалық) құжаттама, сондай-ақ, құрылысты, аумақтың инженерлік дайындығын, абаттандыруды ұйымдастыру және жүргізу үшін сметалық есептер. Құрылыс жобасына сондай-ақ, аяқталмаған объектілердің құрылысын консервациялау және өз ресурсын бітірген объектілерді посткәдеге жарату жобалары жатады.

Құрылыс объектілерін ақпараттық моделдеу технологиясы; ҚОАМТ: оның өмірлік кезеңінің барлық кезеңдеріндегі құрылыс объектісі туралы ақпаратты ұжымдық басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін технологиялардың, өндірістік процесстердің және регламенттердің жиынтығы.

Құрылыс объектісі: жеке ғимарат немесе оған жататын барлық жабдығымен, мүкәммалымен, аспабымен, галереяларымен, эсткадаларымен, ішкі инженерлік желілерімен және коммуникацияларымен құрылыс, сондай-ақ, жұмыстардың жекелеген түрлері (тік жоспарлау, сыртқы инженерлік желілер, кіреберіс және цехаралық жолдар, құрылыс алаңын абаттандыру және басқалары).

Құрылыс объектісінің өмірлік кезеңі; ҚОӨК: құрылыс объектісінің, оны жасауды, пайдалануды және жұмысын аяқтауды қоса алғанда, жұмыс істеуінің дәйекті және өзара байланысты кезеңдері.

Құрылысқа салынатын мемлекеттік инвестициялар (мемлекеттік инвестициялар): жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан бар объектілерді реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға) немесе күрделі жөндеуге салынатын инвестициялар, олардың көзі:

- 1) республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің қаражаты, оның ішінде бюджеттік инвестицияларға және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бюджеттік кредит беруге жіберілетін нысаналы қаражат;
- 2) мемлекет кепілдігімен не мемлекет кепілгерлігімен мемлекеттік емес қарыздардың нысаналы қаражаты;
- 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты;
- 4) концессиялық жобаларды іске асыруға жіберілген қаражат болып

табылады.

Құрылыстағы басшылық құжаттар; ҚБҚ: құрылыстағы, қала құрылысындағы, жобалаудағы және іздестірудегі нормативтік құжаттарды әзірлеу және қолдану саласындағы қызметті жүзеге асыру бойынша міндетті және ұсынымдық ұйымдастырушылық-әдістемелік рәсімдерді белгілейтін құжаттар.

Мемлекеттік инвестициялық жоба; МИЖ: бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру және мемлекеттік-жеке әріптестік жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды іске асыру жолымен мемлекеттің стратегиялық мақсатына қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар кешені.

Мердігер: тапсырыс берушімен немесе жобаны басқару жөніндегі сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы инжинирингтік қызметтерді (бұдан әрі – жобаны басқару жөніндегі инжинирингтік қызметтер) жүзеге асыратын тұлғамен жасалатын мердігер шарты немесе мемлекеттік сатып алулар туралы шарт бойынша құрылыс саласындағы мердігерлік жұмыстарды орындайтын, тиісті қызмет түріне арналған лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға.

Технологиялық күрделі объектілер: Ережелердің 3, 4-бөлімдерінде көрсетілген өлшемдерге сәйкес келетін өндірістік және тұрғын-үй азаматтық мақсаттағы объектілер, азаматтық қорғаныш ғимараттары мен құрылыстары кешендері, ғарыш инфрақұрылымы объектілері\*.

Ескерту: ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 бұйрығымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларына» сәйкес жүргізіледі.

Стандарттау: нақты бар және әлеуетті міндеттерге қатысты жалпыға ортақ, көп еселік және ерікті пайдалану үшін ережелерді орнату арқылы өнімге, қызметтерге және процесстерге қойылатын талаптарды ретке келтірудің оңтайлы деңгейіне жетуге бағытталған қызмет.

Тапсырыс беруші: инвестор (немесе өзі инвестор болып табылатын) өз немесе мемлекеттік қажеттіліктері үшін не коммерциялық мақсатта ғимараттар мен құрылыстарды салу бойынша жобаны іске асыруды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген жеке немесе заңды тұлға.

Техникалық-экономикалық негіздеме; ТЭН: техникалық, технологиялық және өзге де шешімдер туралы мәліметтерден тұратын құжат, сондай-ақ, негізгі техникалық-экономикалық өлшемдерді айқындаумен пайда мен шығынды экономикалық талдау негізінде өткізілетін инвестициялық жобаның жүзеге асырушылығы мен тиімділігін зерттеу нәтижелері.

Үш өлшемді модель (3D-модель): үш координаттар кеңістігінде құрылыс объектісінің геометрикалық сипаттамаларын графикалық ұсыну. Әдетте, X, Y, Z

координаттарындағы белгілі бір нүктеге байланыста компьютердің экранында масштабты бейнелеу түрінде ұсынылады.

Электрондық-цифрлық нысандағы объектілерді салуды техникалық-экономикалық негіздеу; ЭТЭН: инвестициялардың мақсатын, инвестициялардың тиімділігін негіздеуді сипаттаумен негізгі шығыс деректерінің тұратын электрондық құжаттар мен файлдардың логикалық құрамдастырылған және ұйымдастырылған жиынтығы, оның ішінде: объектінің (кешеннің) жұмыс істеуінен күтілетін экономикалық, әлеуметтік және (немесе) коммерциялық тиімділік, сондай-ақ, құрылыс объектісінің негізгі техникалық және технологиялық өлшемдері туралы мәліметтер және объектінің техникалық-экономикалық көрсеткіштерін айқындаумен есептер.

Электрондық-цифрлық нысандағы объектілерді салудың жобалау-сметалық құжаттамасы; (ЭЖСК): көлемдік-жоспарлау, конструктивтік, технологиялық, инженерлік, табиғат қорғау, экономикалық және өзге де шешімдерден тұратын электрондық құжаттар мен файлдардың логикалық құрамдастырылған және ұйымдастырылған жиынтығы, сондай-ақ, құрылысты, аумақтың инженерлік дайындығын, абаттандыруды ұйымдастыру және жүргізу үшін сметалық есептер.

Building Information Modeling; BIM: ғимараттарды ақпараттық моделдеу – шешімдерді қабылдау үшін шынайы негізді қалыптастыруда жобалау, құрылыс және пайдалану процесстеріне жәрдем көрсету үшін құрылыс объектісінің (ғимараттарды, көпірлерді, жолдарды, технологиялық қондырғыларды және тағы басқа қоса алғанда) жалпы цифрлық ұсынымын пайдалану.

Ескерту: шетелдік көздерде (М. Бью, М. Ричардс диаграммасына сілтемемен) BIM технологиясын дамыту (сондай-ақ, енгізу) деңгейі көбінесе 4 деңгейге (level) бөлінеді:

BIM Level 0 – бұл 2D-пішіміндегі дәстүрлі CAD. Сызбаларда құрылыс элементтері конструкциялардың геометриясын айқындайтын сызықтарымен, доғалармен бейнеленген. Жобаға қатысушылар арасындағы деректерді алмасу қағаз немесе электрондық тасығышта жүреді;

BIM Level 1 – 2D немесе 3D пішіміндегі басқарылатын CAD. Бірінші деңгей моделдері негізінен базалық ақпараттан тұрады. Ақпаратпен алмасу үшін электрондық файлдар пайдаланылады. Бұл деңгейде қатысушылар арасындағы өзара алмасу мамандандырылған британ BS 1192:2007 стандартымен жалпы деректер (Common Data Environment) ортасы арқылы ұйымдастырылған. Алайда, әртүрлі пәндерге жататын қатысушылар арасындағы толық қанды өзара алмасу болмайды;

BIM Level 2 – әрбір пән үшін, сәйкесінше, бәлкім, әртүрлі бағдарламалық қосымшаларда әртүрлі модельдерден тұратын кешенді моделді пайдалану. Коллизияларды талдау және анықтау үшін жалпы моделді құрастыру арнайы жасалған осы қосымшаларда жүргізіледі. Электрондық ақпаратпен толыққанды стандартталған алмасудың арқасында процеске қатысушылар арасында терең



өзара іс-қимыл жүреді. IFC пішіміндегі файлдардың импорты мен экспортына бағдарламалық қамтамасыз ету қабілеті алмасудың талаптарының бірі болып табылады. Аталған деңгей мынадай шартты өлшемдерді қосуды болжайды: 4D (уақыт) және 5D (күн). Бұл деңгей үшін COBie пішімінде объект туралы деректерді қалыптастыру болжанады;

BIM Level 3 – салынған деректермен «BIM құралдарының» жекелеген пәндерінен тұратын және IFC бейтарап пішінімен үйлесімді толықтай ықпалдастырылған және сәйкестендірілген 3D-орта. Бұл деңгейде құрылыс жұмыстарын орындаудың өзара байланысты моделі, шығындар туралы ақпарат және жобаның өмірлік кезеңін басқару да пайдаланылады.

## **1.2 Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері**

Құрылыс объектілерін ақпараттық моделдеудің қазаргі заманғы технологияларының трансферті есебінен отандық құрылыс саласын дамыту үшін пайымды тұжырымдау және жағдайлар жасау Тұжырымдаманың мақсаты болып табылады, ол кейіннен Қазақстан Республикасының құрылыс секторы кәсіпорындарының сыртқы нарықтардағы бәсекелестік қабілетінің өсуіне оң әсер етуі тиіс.

Мыналар Тұжырымдаманың негізгі міндетті болып табылады:

- 1) Қазақстан Республикасының құрылыс саласындағы ақпараттық моделдеу технологиясын енгізудің стратегиясын және негізгі іс-шараларды айқындау;
- 2) инвестициялық-құрылыс процесстерінің қатысушылары арасындағы ынтымақтастықты жақсартуға арналған тәсілдерді қалыптастыру;
- 3) құрылыстағы жобалау шешімдері мен баға белгілеуді қабылдау процесстерінің ашықтығын арттыру жөніндегі тәсілдерді әзірлеу;
- 4) Қазақстан Республикасының құрылыс саласына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму және ену кезеңдерін айқындау;
- 5) құрылыс объектісін жасау және пайдалану үшін цифрлық құжаттаманы қалыптастыру және көкейкестілендіру тәсілдерін әзірлеу;
- 6) болашақта оңтайлы жобалық шешімдерді әзірлеу және нормативтік талаптарды қалыптастыру (немесе көкейкестілендіру) мақсатында пайдалану тәжірибесін жинақтау және пайдалану (үлкен деректерді сақтау және өңдеу түрінде) үшін жағдайлар жасау.

## **1.3 Тұжырымдаманың қажеттілігін негіздеу**

Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және азаматтық құрылысына ақпараттық моделдеу технологиясын енгізу тұжырымдамасы қазіргі заманғы

талаптарды және сала сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында әзірленген, өйткені әлемдік нарықты бәсекелестікті күшейту, жаңа құрылыс объектілеріне немесе бұрыннан барларына талаптарды қатайту, қазіргі заманғы ғимараттар мен құрылыстардың технологиялық, конструктивтік және сәулет күрделілігін арттыру, сондай-ақ, ақпараттық технологияларды қатты дамыту мақсатында әзірленген, екі өлшемді жобалаудан өткен технологиялық кезеңнен ауысқан кемшіліктер мен қағаз сызбалармен одан кейінгі жұмыстар нарыққа қатысушылар үшін ресурстарды пайдаланудың жеткілікті жылдамдығы мен тиімділігін бермейді.

Құрылыс объектілерін ақпараттық моделдеуді енгізу құрылыс саласын жұмыстың сипатын өзгертетін жаңа технологияға құрылыс саласының көшуін білдіреді, бірінші кезекте объектінің цифрлық моделі жасалады, одан кейін әдеттегі сызба және есептік-сметалық құжаттама ретінде және құрылыс объектісін жасаудың жаңа кезеңдері үшін моделдер де алынады. Соңғысы ақпаратты жасаумен жұмыстың әрбір кезеңінде құралатын сақтауға архивке кейін жатпайтынын, жұмыстың одан кейінгі кезеңдерінде модификацияланатынын және толтырылатынын білдіреді. Ақпараттық моделдеу нәтижесінде осындай жолмен пайда болатын ақпарат ағыны егер, ол дұрыс ұйымдастырылған және жалпы ережелермен реттелген жағдайда ғана тиімді болады.

Осындай жолмен, ақпараттық моделдеуге көшу әрбір жеке кәсіпорынның міндеті болып табылмайды, бұл ең алдымен, қатысушылардың өзара іс-қимылының жаңа ұйымдастыруымен байланысты барлық құрылыс саласы деңгейінің мәселесі. Сондықтан, ақпараттық моделдеу технологиясын енгізу және одан әрі пайдалану процесі осындай енгізудегі – осы Тұжырымдамадағы негіз құрайтын тұжырымдамалық құжатта тұжырымдалған бірыңғай тәсіл негізінде Қазақстан Республикасының барлық құрылыс индустриясы үшін белгіленген жалпы ережелер бойынша өтуі тиіс.

## **2 Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және азаматтық құрылысына ақпараттық моделдеу технологиясын енгізуге арналған алғышарттар**

### **2.1 Ағымдағы жағдайды талдау, құрылыс саласын дамытудың үрдістері және пайымы**

Мемлекет Басшысы Н.Ә.Назарбаев халыққа кезекті Жолдауында бәсекелестікті арттыру және жоғары нысаналы көрсеткіштерге, оның ішінде, құрылыс саласында жоғары нысаналы көрсеткіштерге жету жөніндегі бірқатар міндеттерді қойды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың

«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауының бірінші бағыты болып экономиканы жеделдетілген технологиялық жаңғырту белгіленген, онда құрылыс секторын дамыту және құрылыста да және құрылыс материалдарын шығаруда да жаңа технологиялардың трансфертін қамтамасыз ету қажеттілігіне айрықша рөл берілген.

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 2017 жылғы қаңтар-қазанда құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі 2 610,9 млрд. теңгені құрады, ол 2016 жылғы қаңтар-қазанға қарағанда 1,8% көп.

Қаржыландырудың барлық көздерінен, оның ішінде, республикалық және жергілікті бюджеттерден, меншікті және заемдық (кредиттік) қаражаттардан құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған шығындардың жалпы сомасы 2015 жылы 3 627,66 млрд. теңгені, 2016 жылы - 4 250, 42 млрд. теңгені, 2017 жылғы қаңтар-қазанда - 3 294,12 млрд. теңгені құрады (өткен жылдың тиісті кезеңіне 103,2%), ол экономиканың құрылыс секторына инвестициялардың көлемінің жыл сайынғы ұлғаюы туралы куәландырады. Саланың даму серпінімен және жыл сайынғы инвестициялардың көлемінің ұлғаюымен қатар құрылыс секторындағы қалыптасқан жағдайға талдау жасау қандай да бір көлемде бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде мемлекеттік тапсырыс беруші тарапынан мемлекеттік инвестициялар мен бақылау және үйлестіру процестерін тиімді басқаруға кедергі келтіретін бірқатар объективтік және субъективтік факторлардың болуы туралы куәландырады. Бұл экономиканың құрылыс секторын дамыту және бюджет қаражатының жоспарлануы мен жұмсалыуының тиімділігі жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға теріс әсер етеді. Жобаның неғұрлым тиімді түпкі техникалық-экономикалық көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыруда барлық қатысушылардың ортақ мүдделігі мен жауапкершілігінің болмауы осындай факторлардың бірі болып табылады. Бұл жобаларды іске асыру кезінде олардың қатысушының жекелеген кезеңдерінде белгілі бір субъектілердің оқшаланған қызығушылығымен, сондай-ақ, жоба көрсеткіштерін мемлекеттік тапсырысшының, оның ішінде, ерте жоба алды сатыларында болашақ пайдалану шығыстарын неғұрлым дәл болжау және қадағалау мүмкіндігінің болмауымен байланысты.

Бюджеттік инвестициялық-құрылыс жобаларын іріктеудің және іске асырудың көп сатылы тетігінің қалыптасқан практикасы бюджеттік бағдарлама әкімшісіне оның неғұрлым оңтайлы техникалық-экономикалық көрсеткіштеріне жету жөніндегі жобаны іске асыруға қатысушылардың бақылау мен үйлестіруді жеткілікті көлемде қамтамасыз етуіне мүмкіндік бермейді. Мемлекеттік инвестициялық жобаларды іске асыру тұжырымдамалық сатыдан пайдалану және кәдеге жарату сатысына дейін құрылыс объектісінің барлық өмірлік кезеңі ішінде қарастырылмайды, ол түпкі сапалық-сандық сипаттамаларға сөзсіз әсер

етеді. Жобаға қатысушылардың (жобалау компаниясы, құрылыс ұйымы, жабдықты жеткізуші және орнатушы, болашақ баланста ұстаушы) тығыз өзара іс-қимылы байқалады, нәтижесінде жобаның жалпы мақсаты бірінші кезекті деп бағаланбайды, ал түпкі нәтижелер жоспарланатындарға әрқашан сәйкес келе бермейді.

Сондай-ақ, объектілерді моделдеудің ақпараттық бағдарламаларының белсенді дамуымен және өмір қызметінің әртүрлі салаларына цифрлық технологиялардың енуімен бірге 2D-жобалаудың және жобалау ақпаратын қағазда сақтаудың дәстүрлі әдістері жақын болашақта қайта қарастырылуы тиіс. Қағаз әдістері мен осы жұмыс процесстерімен байланысты шектеулі сипаты жобалауға арналған жоғары шығындарға елеулі үлес қосады, олар бірнеше құжаттарда ақпаратты қайталауды (немесе ғимараттың өмірлік кезеңінің басқа сатысына оны беру кезінде ақпаратты жоғалту) талап етеді, ол әзірлеуде қателіктер мен оқшылықтарға және сәйкесінше, еңбектің төмен өнімділігіне және құрылыс жобаларын іске асырудың құнын ұлғайтуға алып келеді.

Құрылыста саланың өзінің құрылымын трансформациялайтын жаңа бизнес-моделдердің пайда болуы мен дамуы күтілуде, құны төмендейтін болады, ал мамандар арасында мүлдем жаңа дағдылары мен білімдері бар адамдар қажет болатын болады.

Құрылыс саласы, басқа да аралас салалармен бірге сызбаларды шығарудан зияткерлік актив ретінде ақпаратты генерациялау мен басқарудың стратегиясына көшу үрдісіне ие. Әлемдік практикада байқап көрілген, моделдеудің қазіргі заманғы құралдарын енгізумен қатар аталған мәселелерді шешу отандық құрылыс секторын дамытудың және оның бәсекелестік көрсеткішінің өсуінің, бірінші кезекті құрылыс объектісінің өмірлік кезеңінің барлық сатыларында еңбек өнімділігінің өсуі есебінен драйвер болып қызмет етеді. Әртүрлі жағдайларды шынайы болжау және құрылыс қана емес, пайдалануға арналған шығындарды оңтайландыру ҚОАМТ құралдарының бірі болуы тиіс.

Егер, технологияларды дамыту үрдістеріне неғұрлым пысықталған бағалауды жүргізетін болса, онда алдағы төртінші индустриялық революция дәл құрылыс саласына ең көп жолмен әсер ететінін болжауға болады. Толықтырылған шынайылық технологиялары, заттардың интернеті, 3D-принтинг, генеративтік дизайн және машиналық оқыту адам еңбегінің өнімділігі мен тиімділігі көзқарасынан технологиялық секіру үшін зор әлеует жасайды. Аталған технологиялық трендтер деректердің жинақталған массивтерінің базасында ғана жұмыс істейді, олар өз кезегінде адам қызметінің практикалық саласына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың енуі кезінде жинақтала бастады. Осындай үрдістерді ескере отырып, ақпараттық моделдеуді енгізу құрылыста «Индустрия 4.0» технологиясын дамыту үшін базис болады. Мұнда эволюциялық аспектілердің біреуін атап өту қажет: “Төртінші өнеркәсіптік революцияның плюстерін максимизация массивті, бірақ әсіресе іс барлық машиналар бір тілде сөйлеуіне дейін жеткен кезде корпоративтік

шекаралармен шектелмейтін кооперацияларды талап етеді. Егер, аяқталмаған өнім машинаға (өндірістік желіге) келетін болса, ол оның кодировкасын оқи алмайды, сондықтан, ол жабық корпоративтік стандарт бойынша жіктелген, өндірістік процесс хаосқа айналады. Осындай жолмен, әртүрлі корпорациялардың машиналары мен станоктары еркін тілдесе алатын ортақ платформалар мен тілдерді айқындау «киберфизикалық жүйелерді» таратудағы негізгі міндеттердің бірі болып қалады.

## **2.2 BIM технологиясын қолданудың әлемдік тәжірибесіне талдау жасау**

Осы Тұжырымдаманы әзірлеуге құрылыс объектілерін ақпараттық моделдеудің технологияларын енгізу мен қолданудың озық әлемдік тәжірибесін, оның ішінде, осы саладағы неғұрлым озық бірқатар елдердің (Ұлыбритания, АҚШ, Сингапур, Финляндия, Дания, Норвегия, Швеция, Канада, Австралия) тәжірибесін, сондай-ақ, Ресей Федерациясының, Беларусь Республикасының, Литваның, Латвияның, Эстония мен Польшаның тәжірибесін зерттеу жөніндегі талдау жұмысы негіз болды. Бұл жұмыстардың нәтижелері «Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және азаматтық құрылысына ақпараттық моделдеуді енгізу тұжырымдамасының жобасын дайындау шеңберінде ВШМ-технологиясын қолданудың әлемдік практикасы тәжірибесінің шолуы» ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есепте келтірілген.

Құрылыстағы ақпараттық моделдеу технологиясын енгізудің әлемдік тәжірибесіне шолу тапсырыс берушінің ВШМ-нен пайданы түсінуінен және Тұжырымдаманы (немесе өзге стратегиялық құжаттарды) қабылдаудан кейін ғана басымдықта екенін көрсетті, объектімен жұмыс процессіне қалған қатысушылардың жаңа технологияларды белсенді игеруі басталады.

Қазіргі күні, өнеркәсіпті дамыған (АҚШ, Ұлыбритания, Финляндия, Норвегия және жекелеген басқа да) елдерде технологиялық күрделі мемлекеттік құрылыс және инфрақұрылымдық жобалар ақпараттық моделдеуді пайдаланумен ғана іске асырылады. BIM енгізуді ынталандыру бойынша бірінші кезекті қадам ретінде бұл елдер мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен объектілерді жоблау және салу кезінде аталған технологияларды міндетті қолдануды орнатты. Бұл елдердің заң шығару билігі органдары мемлекеттік стратегиялық мүдделерге сәйкес келетін ақпараттық моделдеу технологиясының мәнін айқындады. Бұл қадамдар BIM-ді 2012 жылы барлық іске асырылған жобалардың (McGraw Hill Construction шолуы) 70% жуығында пайдалануды қамтамасыз етті, Ұлыбританияда 2012 жылы бұл сан шамамен 15% құрады.

Финляндия, Дания, Швеция, Норвегия сияқты Еуропа елдері алғашқылардың бірі болып өзгермелі технологиялық жағдайларда тиімділігі аз, дәстүрлі сызуды ауыстыра отырып, практикаға объектілік-бағдарланған

жобалауды қабылдады.

Жүргізілген зерттеу жұмысы негізінде әртүрлі елдерде іске асырылатын BIM қолдануға бірнеше тәсілдерді атап өту қажет, олардан екі негізгіні және бір «біріктірілгенді» бөлуге болады:

1) бірінші тәсіл – бұл openBIM (BuildingSmart альянсы қолдайтын) тұжырымдамасы, ол бойынша, моделдің елеулі бөліктері арасындағы ақпаратпен алмасу, ең бастысы IFC (моделдеу процесіне қатысушылар IFC қолдайтын кез келген бағдарламаларды жұмыс істей алатындығын көздейді) ашық пішім арқылы іске асырылады;

2) файлдардың (моделдеу процесіне қатысушылар жалпы платформа негізінде жасалған бағдарламаларда жұмыс істейтінін болжайды) жабық (коммерциялық) пішімдері негізінде бірінші кезекте ақпаратпен алмасуды білдіретін екінші тәсіл;

3) үшінші, біріктірілген тәсіл, оның кезінде IFC – әмбебап, бірақ жобаға қатысушылар арасында ақпаратпен алмасудың негізгі емес және жалғыз емес құралы.

Ұлыбритания мысалы айрықша назар аударуды талап етеді, онда үкімет деңгейінде 2016 жылғы 1 сәуірден бастап мемлекеттік тапсырысты іске асыруды BIM-ді пайдалана отырып, жүзеге асыру, ол үшін осы технологияны игерген жобалау-құрылыс компанияларын тарту туралы шешім қабылданды.

Жобалау және құрылыс бойынша мамандарды біріктіретін жеке компаниялар мен коммерциялық емес ұйымдардың саласының табысына мүдделі және мемлекет тарапынан да технологияларды одан әрі енгізу үшін жағдайлар жасау жөніндегі жақсы ойластырылған күш-жігерлер Еуропада да, Солтүстік Америкада да және Азияда да қабылдануда. Зерттеу деректері бойынша ұлттық BIM-стандарттарды және құрылыс элементтерінің жіктеуіштерін әзірлеу ел немесе ел тобы аумағында BIM-ді енгізу кезінде шешу үшін міндетті міндет болып табылады және бұл міндетті ұйымдастыру-саяси және қаржылық себептер бойынша мемлекет шешуі тиіс.

Шетелдік тәжірибе көрсеткендей тіпті BIM Level 2 деңгейінде осы елдердегі BIM енгізу құрылыстағы еңбек өнімділігін арттыруға, зиянды шығарындылардың (экологиялық жобалау) деңгейін төмендетуге, берілетін деректердің сапасын арттыруға, қызмет экспортын ұлғайтуға мүмкіндік берді. Егер, BIM (Бью-Ричардс) кемелдену диаграммасы - BIM дамудың британ моделінің терминологиясына сүйенетін болсақ Қазақстанды BIM Level 1 (BIM кемелдігінің бірінші деңгейі) арналған өтпеліге шартты түрде жатқызуға болады.

BIM технологиясын дамыту ұлттық стандарттарды, әдістемелерді және техникалық және заң талаптары келтірілетін тиісті нормаларды әзірлеумен сүйемелденеді. Бұл стандарттар Үкімет пен қалған қатысушылар үшін іс-қимыл ережелерін, сондай-ақ, модельдер мен құжаттаманы рәсімдеу ережелеріне қойылатын талаптар, модельдер мен болашақ деректерді пысықтау деңгейін айқындайды. Ұлыбританияда BIM-технологияларға қойылатын талаптарды

белгілейтін ұлттық стандарт, сондай-ақ, аталған технологияларға барлық мемлекеттік құрылыс тапсырыстарының көшуі үшін қажетті іс-шаралардың тізбесі әзірленген.

Тұтастай алғанда, әлемдік тәжірибе шолуы құрылыс объектілерінің ақпараттық моделдеу технологияларын енгізуі саланың дамуына оң әсер еткенін, құрылыс сапасын және инвестициялардың ұтымдылығын арттыру үшін жағдай жасағанын көрсетті.

Әлемдік тәжірибе құрылыстағы BIM-технологияларды қолдану мемлекеттік меншік объектілерін ұстап тұру бойынша бюджетке жүктемені төмендетуге, объектіде болжанбаған шығындарды қысқартуға, жұмыс көлемдерін есептеу кезінде қателіктерді алып тастауға мүмкіндік беретін көрсетті. Бұл ретте, құрылыс құнын қысқарту бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді өндірушілердің маркетингтік материалдардағы мәлімдеген артықшылықтарға аса сақтықпен қарау керек, өйткені, Қазақстан Республикасындағы бюджет есебінен салынатын объектілер ағымдағы бағаларға мониторинг нәтижелері бойынша алынған нормативтік бағалауларға сәйкес есепке жатқызылады. Нәтижесінде объектінің кесімді құны қалыптастырылады, ол одан кейін конкурстағы сауда-саттық жолымен төмендетілуі мүмкін. Осы себеп бойынша дәл құрылыс жобасын іске асыру құнын төмендетуге арналған ҚОАМТ қолдануға назар салуға болмайды.

Ақпараттық моделдеу технологияларын енгізу сондай-ақ, Қазақстан Республикасының құрылыс секторын дәйекті дамытудың кезекті кезеңі ретінде қарастырылады, оған құрылыстағы баға белгілеуді реформалау (құрылыстың сметалық құнын айқындаудың ресурстық әдісіне көшу) және нормативтік базаны реформалау кезеңдері сәйкес келеді. Осыған байланысты, ақпараттық моделдеудің технологияларын енгізу және дамыту кезінде оң нәтижелілік мақсатында құрылыс нарығының жергілікті жағдайларын ескере отырып, қазіргі заманғы технологияларға көшу жағдайында саланың даму пайымын көрсететін құжатты мемлекеттік деңгейде қабылдау талап етілді.

Құрылыс объектілерін ақпараттық моделдеудегі мемлекеттік мүдделілікті екі құрамдасқа шартты түрде бөлуге болады:

1) құрылыс саласындағы мемлекеттік инвестициялардың тиімділігін арттыру (құрылыс және пайдалану кезінде және пайдалану шығындарын болжауға тәсілдерді әзірлеу кезінде де тікелей);

2) құрылыс нарығының жеке секторындағы ақпараттық моделдеуді дамыту үшін жағдай жасау, ол республиканың барлық құрылыс саласын одан әрі дамытуға, сыртқы нарықтардағы отандық компаниялардың бәсекелестікке қабілетін арттыруға және ұлғаймалы экономикалық шекаралар жағдайында олардың табысты ықпалдасуына алып келеді.

## 2.3 Басты проблемалар

Құрылыс саласындағы ағымдағы жағдайға жүргізілген талдау нәтижесінде шешімі ақпараттық моделдеудің технологияларын енгізуге және одан әрі дамытуға тікелей байланысты бірқатар басты проблемалар анықталды:

1) құрылыс секторындағы инновациялық құралдарды пайдаланудың әлсіз көрсеткіштері, ол Қазақстан экономикасын Еуропалық және Әлемдік қоғамдастыққа, Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ), сондай-ақ, ЕЭО мен ТМД елдері шеңберінде ықпалдасу процесстерін ескере отырып, ықпалдасуы жағдайында отандық компаниялардың бәсекелестік қабілетінің өсуіне теріс әсер етеді;

2) бірыңғай ақпараттық кеңістіктің артықшылықтарын пайдаланбайтын шашыраңқы конкурстар түрінде бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі дәстүрлі тәсіл мемлекеттік тапсырыспен инвестицияларды бақылау және басқару үшін жеткілікті жағдайларды қамтамасыз етпейді;

3) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру барысында жобалау-сметалық құжаттамасын түзетудің жиі орын алатын жағдайлары өздігінен теріс құбылыс болып табылмайды, бірақ, жұмыстың қазіргі «цифрлық емес» технологиялары кезінде келіспеушіліктің және тіпті жобалау-сметалық құжаттамасында қателіктердің пайда болуына алып келеді және объектіні пайдалануға берудің мерзімдерін жылжытады;

4) жобаларды іске асырудың ерте кезеңдерінде пайдалану шығыстарын неғұрлым дәл болжау үшін жағдайлардың болмауы жаңа құрылыс объектілерін ұстап тұруға арналған шығындарды тиімді басқаруға кедергі келтіреді;

5) жаңа құрылыстың, «жасыл құрылыстың», «энергия тиімді құрылыстың», екі өлшемді сызудың қалыптасқан практикасы жағдайында «нысанды жобалаудың», саладағы инновацияларға өте әлсіз сезімтал объектілердің өмірлік кезеңімен басқарудағы жинақталған тәжірибесі мен артықшылықтарын жеткіліксіз пайдалану;

6) құрылыстың сметалық құны жобалаудың түркілікті фазасында ғана айқындалады, оның салдарынан оңтайлы экономикалық шешімді таңдау қиындайды;

7) болашақ құрылыс объектісі туралы ақпараттың әртүрлілігі мен құрылымсыздығы;

8) экономиканы жеделдетілген технологиялық жаңғырту және жаппай цифрландыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі нақты практикалық іс-қимылдардың болмауы.

Саланың жалпы проблемаларынан өзге ақпараттық моделдеудің технологиясының жергілікті проблемалық мәселелері де бар. Ресей мен Беларусьте ВІМ қолданудың бірінші тәжірибесі ақпараттық моделдеудің барлық толықтығын нақты бағдарламалық өнімге келтіру мүмкін еместігін көрсетті.



Бағдарламалар қазіргі, айқындалған бизнес-процесстерді автоматтандыру үшін жасалатындықтан, кәсіпорынның немесе мемлекеттік тапсырыс берушінің қызметін қандай да бір бағдарламалық шешімге ыңғайластыру өнімсіз болып табылады. Осындай жолмен, ағымдағы қызметті бағдарламалық қамтамасыз етуді нақты әзірлеушілердің (ең алдымен шетелдік) бағдарламалық алгоритмдеріне ағымдағы қызметіне ыңғайлаудың және осы әзірлеушілердің қызметінен саланың тәуелсіздігін жасау орнына жобалау және құрылыстың өзінің процесстерін оңтайландыруға, оның қатысушылары мен нормативтік базаға өзара қарым-қатынастардағы жұмылдырудың мәні бар.

Сондай-ақ, жүргізілген зерттеу процессінде олармен ақпараттық моделдеу технологияларын енгізу кезінде құрылыс саласы кәсіпорындары ұшырайтын ұйымдастырушылық-басқару проблемалары анықталды:

1) BIM артықшылықтарын инвестициялық-құрылыс процессіне көптеген қатысушылардың, әсіресе тапсырыс берушілер мен пайдаланушы компаниялардың түсінбеуі;

2) тапсырыс беруші немесе жобалау процессінің үйлестірушісі тарапынан оларға қалыптастырылған талаптардың болмауынан жобалаушылардың нөлден бастап ақпараттық моделдің құрамдас бөліктерін әзірлеудің күрделілігі;

3) практикада BIM дербес енгізудің жекелеген компаниялар үшін күрделілігі;

4) нақты жобалау, құрылыс, пайдалану және басқару-қаржылық міндеттерді орындау үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді оңтайлы айқындау проблемасы;

5) BIM технологияларын пайдалану кезінде жұмыс процесстерін қайта құру үшін басқару құзыреттерінің жетіспеуі;

6) жобаларды басқару саласындағы пысықталмаған практикалардың болмауы;

7) қазіргі нормативтік база ақпараттық технологияларды қолдануға есептелмеген.

Моделдеу (оның ішінде, ақпараттық) талдау, болашақ жағдайларды болжау, шығыстар, сондай-ақ, жобалау және құрылыс кезінде жасалатын ақпаратты сақтау, көкейкестілендіру және беруді ұйымдастырудың басқару тәсілдерімен кешенде осы процесстерді басқару үшін ақпараттық қолдау көрсететін құрал ғана болып табылатындығын атап өту маңызды болып табылады. ҚОАМТ (BIM) басқа басқару құралдарымен, мысалы, жоспарлау, тәуекел-менеджмент, жобалау шешімдерінің сәйкестігін физикалық айналуына бақылау, сапаны бақылау және тағы басқа сияқты бір қатарда тұруы тиіс, оларды енгізумен саланың барлық деңгейінде кешенді және жүйелі түрде айналысу да маңызды.

Осы себеп бойынша ақпараттық моделдеуді табысты қолдану үшін ақпаратты (іздістіру, жобалау-сметалық құжаттамасын, жасырын жұмыстардың

